

## Жақсы ұстаз - мектептің жүрегі

Эрниязов Жумадулла Мукумович  
Х.А. Яссауи атындағы жалпы орта мектебінің  
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, тарих пәні мұғалімі

Мен өзімнің 15 жылдық педагогикалық тәжірибесіме сүйеніп айтар болсам «Жақсы ұстаз-мектеп жүрегі» сөз тіркесі халық арасында бекерге таралмағаны анық. Себебі жақсы ұстаздың бойында көптеген қасиеттер болуы тиіс. Қарапайымдылықтан бастап, шеберлікке дейін. Бұл қасиеттерді мұғалім тәжірибесі артқан сайын қоржынын толтырып педагогикалық жолында керекті дүние ретінде жинақтайды. Әдетте 50 пайыз мұғалім кәсібін таңдаған адамдар сол қарапайым мұғалімнің жұмысына қызығушылық танытып, сол адам көмегімен шабытанып, ол кісін үлгі тұту арқылы педагог кәсібін таңдайды.

Педагог мамандығы пайда болағанның бастап аса мәртебелі мамандықтардың қатарында болмаған. Бірақ уақыт өте келе адамзат өмірінде ұстаздың орны ерекше екендігін адамдар ұғына бастап, ол мамандық иелеріне құрметпен қарай бастады. Әсіресе бүгінгі қарқынды дамып келе жатқан заманды әлемдік көштен қалмау үшін әр мемлекет ұстаздар мен білім саласына ерекше назар аударуда. Жақсы ұстазды адам бойындағы жасушаға ұқсатуға болады. Жасушаның организмдегі негізгі мақсаты өз бойындағы мәліметті көбею арқылы келесі ұрпаққа жеткізу болса, мұғалімнің мақсаты өз бойындағы білімдерін түрлі мүмкін болған әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың бойына сіңіру, үйрету, тәрбиелеу болып табылады.

Жақсы мұғалім болу үшін қандай әрекет жасау керек және адам бойында қандай қасиеттер болуы керектігін айқындап аласақ.

1. Мұғалімді бірінші сабаққа кірегенде оқушылар сырт келбетіне қарап күтіп алып, ақылына қарап шығарып салады. Мұғалімнің киім үлгісі оқушылардың назарынан тыс қалмайтын негізгі элемен болып есептеледі. Мұғалім өзінің киім үлгісімен оқушылар бойында киіну мәдениетін қалыптастыруға ықпалын тигізетін негізгі тұлғаның бірі

болып есептеледі.

2. Мұғалімнің сөйлеу мәнері мен өзін ұстау мәдениеті сабақтың тиімді және жемісті болуының негізгі факторы болып табылады. Мұғалімнің дыбыс ырғағы, мимикаларының орынды пайдалануы оқушылардың бойында коммуникабельдік қасиеттерді дамытады.

3. Әділдік және шыншылдық. Оқушылардың ұстаздардың бойындағы құрметтейтін қасиеттердің бірі әділдік және шыншылдық. Педагог өз тәжірибесі барысында әртүрлі жағдайларға тап болады. Сол жағдайлардың шығу барысында әділдік пен шыншылдықтың бір ізділігін оқушыларға көрсете білсе, бұл педагогтің оқушылар алдында абыройы артпаса түспейтіні анық дүние.

4. Пәндік білім мен кәсіби шеберлік мұғалімнің мектептегі негізгі тұлға ретінде құрметтелуінің кепілділігі. Сабақ барысында мұғалімнің пәндік білімі оқушылардың білім сапасын көтеруге, кәсіби шеберлігі болса оқушылардың шабыттанып бойларында білім отының лаулап жануына себепші болатын шок секілді.

5. Заманауи педагог болу үшін жақсы, қарқынды дамып келе жатқан заманның көшінен қалып қоймай, өз позициясын ұстана отырып, жоғары сынып оқушылары мен терезесі тең дәрежеде сөйлесіп, жұмыс жүргізуі қажет.

Жоғарыда атап көрсеткен факторларды барлығы мұғалім бойынан табылса демек ол жақсы мұғалім деп санауға болады. Ал жақсы мұғалім-мектептің жүрегі сөзінің бекер еместігін дәлелі деп айтсақ шатаспаған боламыз. Мектептегі негізгі тұлға директор немесе оқу ісі жөніндегі директор орынбасары немесе тағы басқа тұлға деп айтатындар шатасады. Мектептегі негізгі қозғаушы күш бұл мұғалім бұл жағдай арадан қаншама уақыт өтседе өзгермейтін заңдылық екені анық.